

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік  
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту  
және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия  
отырысының  
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

10.08.2017 ж.  
сағ.: 10:58

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы.

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков - ММРК төрағасы орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Ажигулова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, А. И. Әліпбай - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың м.а., Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, еңбек демалысында, 2017 жылғы 21 шілдедегі №57-д бұйрығы).

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №951 - №1412 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету (Бұдан әрі – Қағидалар).

2. 2017 жылғы 28 шілдедегі жеке тұлға Карлығаш Кабиденовна Акишеваның №992/КГМР өтініші негізінде 2017 жылғы 05 шілдедегі № 31 сатып алу - сату шартының бұзылуына байланысты 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін № 498 лотымен толықтыру бойынша сұрағын қарастыру.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарап, ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ:**

1. №951 - №1412 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қағидалардың 41,42 тармақтарына сәйкес 10 %-ға төмендетілсін.



тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;  
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2. 2017 жылғы 28 шілдедегі жеке тұлға Карлыгаш Кабиденовна Акишеваның №992/КГМР өтініші негізінде 2017 жылғы 05 шілдедегі № 31 сатып алу - сату шартының бұзылуына байланысты 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін № 498 лотымен толықтырылсын.

Осы аталған шешімге дауыс берді:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 10 тамыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 10 тамыздағы сағат 11.10-да жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 10 тамыздағы өзгерістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, \_\_\_ бетте.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.




**Комиссия мүшелері:**

Орынбеков Б. Ә.



Ахметов Б.Қ.



Шәкірбаев М.С.




Иманбаев Н.М.



Ажигулова М.Ж.



Әліпбай А.И.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

